Ш.Мұртаза атындағы
Халықаралық Тараз инновациялық институты
«Заң» факультеті
«Азаматтық және қылмыстық құқық» кафедрасы

6В04201-«Құқықтану»
6В04202-«Мемлекеттік қызмет саласындағы заңгер»
6В04203-«Қылмыстық құқық және процесс»
Білім беру бағдарламалары бойынша
**Оқу- танысу(өндірісте) практикасына арналған**
# ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

Оқу түрі: күндізгі
Курс: 1
Семестр: 2
Кредит саны: 1

Тараз 2022ж.

6В04201-«Құқықтану», 6В04202-«Мемлекеттік қызмет саласындағы заңгер», 6В04203-«Қылмыстық құқық және процесс» білім беру бағдарламалары бойынша оқу-танысу (өндірісте) практиканың әдістемелік нұсқауы «Білім туралы» 27.07.2007 ж № 319-III ҚР Заңы (2022.01.09. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен); «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 06.06.2022 ж. № 917 бұйрығы; «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 30.10.2018 ж. № 595 бұйрығы (өзгерістерімен 18.05.2020 ж. №207) және жұмыс оқу жоспарлар негізінде әзірленген.

Әдістемелік нұсқауды құрастырған
«Азаматтық және қылмыстық құқық» кафедрасының
аға оқытушысы _______ Ералиева Ж.Д.

Әдістемелік нұсқау «07» ___12___ 2022ж. №5 хаттама
кафедрасының мәжілісінде талқыланды.

Кафедра меңгерушісі: _______ Газаев А.И.
(қолы) (аты-жөні)

Әдістемелік нұсқау «Заң» факультетінің оқу-әдістемелік бюросында мақұлданды.
«10» ___01___ 2023ж. №3 хаттама.

Факультеттің ОӘБ төрайымы: _______ Қуанышева И.К.
(қолы) (аты-жөні)

Ғылыми- әдістемелік кеңесінің шешімімен бекітілді.

«24» ___01___ 2023ж. № 3 хаттама.

## 1. Жалпы ережелер

Жоғарғы оқу орындарында білім алушылардың оқу – танысу (өндірісте) практикасының мақсаты оқу процесінде студенттердің алған теориялық білімдерін тереңдету және бекіту, практикалық әрекеттің шығармашылық, тиянақты тәжірибесін игеру, қоғамдық өмірдің құбылыстарын, жағдайларын, оқиғаларын талдап, олардың араларындағы салдар тәуелділіктері мен байланыстарын анықтау табылады

Студенттердің оқу-танысу практикасын өтудің мақсаты болып студенттің болашақ кәсіби қызметінің түрлерімен, міндеттерімен және қызметтерімен танысу болып табылады.

## 2. Оқу танысу практикасының базасы мен бағдарламасы

Қазақстан Республикасының облыстарының, қалаларының өкілетті, атқарушы және құқыққорғау органдары бекітіледі. Практиканың өту орнын институт кафедрасы оқу бөлімімен келісіп анықтайды. Онда практиканың түрі, мақсаты мен міндеттерін, келісім-шарттың болуын, мамандану мен болашақтағы түлектерді бөлуді ескереді. Оқу танысу пратиканы дайындауға және өткізуге институттың оқу бөлімі, құқықтану кафедрасы, практика жетекшілері мен базалық мекемедегі тәлімгерлер қатысады.

Оқу–таныстыру практикасының өтілу мерзімі, 1 апта құрайды.

Оқу танысу практикасы болашақ кәсіптік қызметінің нысаны болып табылатын ұйымда танысу экскурсияларын қамти отырып құқық қорғау органдарында өткізіледі.

Практикалардың жетекшілері ретінде: профессорлар, доценттер, тәжірибелі оқытушылар, мамандықтың жақсы спецификасын білетін және практика базасының қызметін білетін оқытушылар тағайындалады.

Практика жетекшісі практика алдында білім алушыларды қажетті дайындықтар ұйымдастырады, конференция кестесіне

| | | |
|---|---|---|
| | т.б) | |
| 4 | Құқықтану білім беру бағдарламасы бойынша іскерлік хат алмасуды зерттеу. Іс қағаздарды жүргізу үлгілері: (қылмыстық іс бойынша арыз, азаматтық процесс бойынша азаматтық талап, жауап алу хаттамасы, өтініш, қаулы, қарап-тексеру, куәландыру хаттамасы, хабар, баянат, шешім, сот үкімі, айыптау хаттамасы, сотқа шақыру қағазы т.б) | 1күн |
| 5 | Еңбек ұжымында қызметті жасау дағдыларын игеру. Есеп жазу. | 1күн |
| | Барлығы | 5-күн |

Әдістемелік нұсқау қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша күндізгі, күндізгі қысқартылған топ студенттеріне де қолданылады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер есеп беру нысанын таңдауға және тапсырмаларды жеке кесте негізінде тапсыруға құқылы. Карантин жағдайында студенттер Microsoft Teams, Cisco Webex, ZOOM платформаларында «dis.htii.kz» сайтында практика түрлері бойынша есептерді онлайн-форматта тапсыруға құқылы.

Оқу танысу практикасының қорытындысы бойынша студент кафедраға практикадан өту басрысында толтырылған күнделікті және есепті кафедраға тапсырады. Күнделік және есеп кафедра жетекшісімен тексеріледі және кафедра меңгерушісінің өкімімен құрылған комиссия алдында қорғалады. Есеп компьютер, принтер арқылы А4 форматты ақ қағаздың бір жақ бетіне бір интервал (аралық) сақтай отырып орындалады. Шрифт-қалыпты, кегль 14.

Парақтың сол жағынан – 30 мм, оң жағынан – 10 мм, жоғарғы және төменгі жағынан – 20 мм қалдырылады. Есептің беттерін араб сандарымен нөмірлеу қажет.

Практиканы қорғау қорытындысы тағайындалған балдық-рейтингтік әріпті жүйе бағасы бойынша дифференциалды сынақпен бағаланады.

Практика бағдарламасын орындамаған, практика өту барысында теріс теріс пікір алған студент қанағаттанарлықсыз бағамен бағаланады.

**Келісілді:**

1. Жамбыл облысы Полиция Департаментінің жедел-криминалистикалық басқармасының бастығы., полиция подполковнигі Б.Ж.Салемов

2. Тараз қаласы Полиция басқармасының № 1 Полиция бөлімінің бастығы Т. Исаев

3. Жамбыл облысы бойынша жеке сот орындаушылардың өңірлік палатасы, жеке сот орындаушы А.С.Жуманова

4. «Бітімгер» медиация және құқықтық зерттеу орталығының бастығы Т.Б.Сәткей